



ГАЗЕТ ЕКІ АЙДА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

92(4) ЖЕЛТОҚСАН-ҚАҢТАР

**ЕЛ ТІРЕГІ—ЕЛБАСЫ**

Сіздерді 1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күнімен құттықтаймыз! Қазақ тарихында Әз Жәнібек пен Керей, Қасым мен Абылай, Хакназар мен Кенесары сынды халқын ақылмен, парасатпен басқарған хандар болған. Солардың сара жолымен, сындарлы саясатымен егеменді елімізді басқарып келе жатқан Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың орны ерекше.

Елбасы есімі Егемендік, Тәуелсіздік, Қазақстан, Отан, Бірлік сияқты ұғымдармен қатар айтылады. Елбасы – татулығымыздың, береке - бірлігіміздің, тұрақтылығымыздың кепілі. Тұңғыш Президентіміздің еңбек жолы - жас қазақстандықтар үшін үлгі мен тағылымның мектебі. Жаңа тәуелсіз мемлекеттің іргетасын қалаушы Нұрсұлтан Назарбаев – барлық қазақстандықтар және халықаралық қоғамдастық мойындаған ғаламдық бастамалардың бастаушысы, отандастарымыздың құқықтары мен бостандықтарының қорғаушысы, елді кемел келешекке жетелейтін игі істердің қолдаушысы. Ел болашағы үшін игі істер жасап, табысты еңбек етіп жатқан, елін сүйген әрі ел қамқоры азаматтарымыз аман болсын! Мемлекетімізге одан әрі өрлеу мен өркендеу, әрбір қазақстандыққа мол табыс, бақ-дәулет тілейміз!

БҰЛ ШЫҒАРЫЛЫМДА:**1-БЕТ****«ЕЛ ТІРЕГІ—ЕЛБАСЫ»**

1 желтоқсан—
Тұңғыш Президент күні.

«Тәуелсіздік - мәңгілік елдің тұғыры»

16 желтоқсан ҚР
Тәуелсіздік күні.

2-БЕТ**«ҰЛЫ ДАЛА МҰРАГЕРЛЕРІ» форумы****3-БЕТ****«ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛНАМАСЫ»****4-БЕТ**

ОҚУШЫЛАР
ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

ҚҰТТЫҚТАУЛАР**ТӘУЕЛСІЗДІК - МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ТҰҒЫРЫ**

1991 жылғы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңы қабылданды. Тәуелсіздік — тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Біз бүгінге дейінгі барлық жетістіктерімізге тәуелсіздіктің арқасында қол жеткіздік. Жиырма жылдан астам уақыт ішінде елдің әл—ауқатын көтеріп, төл мәдениетіміз бен мемлекеттік тілді жаңғырту ісінде қыруар жұмыстар жасадық. Елімізде білім, ғылым, денсаулық, спорт салалары айрықша даму үстінде. Тәуелсіздік—біздің ең басты игілігіміз. Жас мемлекет тарихындағы жаңа дәуір дәл осы тәуелсіздіктен бастау алады. Тарихты жасайтын тұлғалар тағлымы өскелең ұрпақтың ұлт мүддесіне қызмет етуіне жол ашып қана қоймай, әлемдік өркениеттің дамуына да ықпал етеді. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан халқы ынтымақтасып, жалпыұлттық, ұлтаралық бірлікті нығайтуға, рухани—мәдени жаңғыруға қол жеткізілді.

**Желтоқсан**

Желтоқсанның желі, аязы ызғарлы
Қанды мұзда талай қазақ сыздады.
Ұлт қамы үшін шыққан сол күн алаңға
Азап шекті қайсар қазақ қыздары.
Талай қазақ қыздарын да тоңдыра,
Талай қазақ гүлдерін де солдыра,
Ел билеуге алып келді Колбинді
Қазақ ұлы Қонаевтың орнына.
Егемендік – бұл елімнің елдігі,
Егемендік – барлық ұлттың теңдігі.
Егемендік – елін, жерін қорғаған
Ербол менен Қайраттардың ерлігі.
Желтоқсаным – тәуелсіздік тірегі,
Желтоқсанды қадір тұтып тұр елі.
Есте сақтап ағалардың ерлігін,
Жүректерге сақтау керек үнемі.

Дүниеде тәуелсіз Қазақ елі бар.
Әлемде егемен Қазақстан бар.
Оның көп ұлтты, тату,
ынтымақшыл халқы бар.

"Ой бөлістім халқыммен"
кітабынан
Н.Назарбаев

ҰЛЫ ДАЛА МҰРАҒЕРЛЕРІ—ULY DALA MURAGERLERI



№92 гимназия шаңырағында өткен «Ұлы дала мұрагерлері» форумы 400-ден астам оқушылар, ұстаздар мен ата-аналардың басын қосты. НЗМ тәжірибесін таратуға бағытталған ауқымды шара жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Гимназия аясында өткен ауқымды іс-шараның басты мақсаты—ата-аналармен бірлескен жұмысты жалғастыру, ата-аналарды мектепте жүргізілетін жобалар бойынша жұмыс түрлерімен таныстыру: «Таңғажайып түймелер», «Ұлттық ою нақыштары», «Екі апта ауылда», «Мұражайым – руханият бесігім», «Театр балалар көзімен», «Букроссинг», «Дарабоз», «Робототехника», «Геометриялық мозайка», «STEM» биология, «Сиқырлы мольберт», Зияткерлік ойындар: шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, «Ұлттық ойындар-ұлт қазынасы» - арқан тартыс, асық ойындары, қазақша күрес. Сонымен қатар жаңартылған білім беру мазмұны бойынша шебер-сабақтар ұйымдастырылды: «Жанды білім-шынайы ілім», «Рухани – адамгершілік білімнің басымдылығы», «Тұрмыстық заттарды жасау технологиясы», «Коучинг», «Қазақ тілінің латын графикасы» т.б. Аталған шараға қатысқан ата-аналардың атынан оң бағасы беріліп, гимназия ұжымы ризашылыққа ие болды.



ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛНАМАСЫ

1991 ЖЫЛЫ ЖЕЛТОҚСАННЫҢ 16 КҮНІ	Қазақстан өзінің Тәуелсіздігін жария етті
1992 ЖЫЛҒЫ 2 НАУРЫЗДАН	бастап Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының толық құқылы мүшесі
1992 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМДА	Республиканың мемлекеттік Әнұраны, Туы мен Елтаңбасы бекітілді
1993 ЖЫЛҒЫ ҚАҢТАРДЫҢ 28-ІНДЕ	Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды. Қазақстан Республикасының қолданыстағы Ата Заңы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды.
1993 ЖЫЛДЫҢ 15 ҚАРАШАСЫНДА	төл теңгеміз айналымға түсті
1994 ЖЫЛЫ 6 ШІЛДЕДЕ	Жоғарғы Кеңес депутаттары астананы Ақмола қаласына көшіруге шешім қабылдады
1997 ЖЫЛЫ ҚАЗАН АЙЫНДА	Президент Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық жолдауы жарияланды
1998 ЖЫЛЫ 6 МАМЫРДА	Президент Ақмола қаласын Астана деп атауға Жарлық шығарды. 1998 жылы 10 маусымда жаңа Астананың ресми тұсаукесері болып өтті.
2003 ЖЫЛЫ	Астана қаласында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Бірінші съезі болды
2005 ЖЫЛЫ 18 ҚАҢТАРДА	Қазақстан мен Ресей арасындағы шекараны делимитациялау туралы келісімшартқа қол қойылғаннан соң көршілес мемлекеттермен Қазақстанның мемлекеттік шекарасын заңды түрде рәсімдеу үдерісі толықтай аяқталды
2010 ЖЫЛЫ	Үкімет Үдемелі индустриялық-инновациялық дамуың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті Осы жылы Астана қаласында мемлекет тарихында тұңғыш рет ЕҚЫҰ-ның Саммиті өтті
2011 ЖЫЛЫ ҚАҢТАР – АҚПАҢ АЙЛАРЫНДА	Астана және Алматы қалаларында 7-ші қысқы Азия ойындары өткізілді
2012 ЖЫЛЫ 22 ҚАРАША КҮНІ	Халықаралық көрмелер бюросына мүше мемлекеттер EXPO-2017 Халықаралық арнайы көрмелерді өткізетін жер ретінде Астана қаласын таңдады
2012 ЖЫЛЫ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА	Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы жария етілді
2014 ЖЫЛЫ 29 МАМЫРДА	Астанада Еуразиялық экономикалық одақ құру туралы келісімшартқа қол қойылды. Бұл құжат 2015 жылы 1 қаңтардан бастап өз күшіне енеді

Қайғы ойлаттың естен кетпей **туған жер**,
Қаны қашты, әм сарғайтты ет пен тер.
Сені ойласам ішім күйер қапа боп,
Жүрегімде түйіншіктей қайғы шер.

Жүрекке ыстық, көзге сүйік өз елім,
Тең құрбыммен қағысып, ойнап жүргенім.
Жап-жалаңаш жайдақ атпен жүздіртіп,
Бәсеке қып, жұмыртқа алған ну көлім.

Өлкелерге ауыл қонған мезгілдер
Бәйшешектер құлпырынған мезгілдер.
Майысып бір, кек талдардың басында
Құстар сайрап, көңіл бұрған мезгілдер.

Сені ойлап күні-түні туған жер,
Қаны қашты, әм сарғайды ет пен тер.
Сені ойласам ішім күйер қапа боп,
Жүрегімде түйіншектей қайғы-шер.

Ұйықтасам да еш шықпайсың түсімнен,
Тұрсам-дағы сен кетпейсің есімнен.
Көзден таса қылсам деген жоқ едім,
Шыға алмадым азалдағы кесімнен.

СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН

Тәуелсіздік - халқымыздың бақ жұлдызы.

Тәуелсіздік – ең алдымен Қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік күні - ең қастерлі күн. Еліміз тәуелсіздігін жариялап, дербес мемлекет ретінде әлемге танылды. Елбасының «Қазақстанның тәуелсіздігі қазақтарға тартқан тағдырдың сыйы емес, өзінің ежелгі жерінде қилы кезеңді бастан кешу арқылы қол жеткен өз мемлекеттілігін құруға деген заңды, бұл даусыз фактіге ешкім күмән келтірмеуі тиіс», - деп атап көрсетуіне үлкен мағына жатыр.

Тәуелсіздік - ұлттық тілдің, дәстүрдің, салт-сананың мызғымас тірегі, күші, алтын діңгегі, халықтың бақ жұлдызы. Тәуелсіздік - арман! Жер бетінде қанша ұлт болса, сонша арман бар. Сол арманға біздің қазақ халқы жетті.

8 «Ә сынып оқушысы ИБРАЕВА АЯНА

Тәуелсіздік – тірегім

Көзіме бүгін жас келіп тұр, халайық,
Әрбір істі зердеге алып қарайық.
Тәуелсіздік жолына жан пида еткен,
Ерлерімізді есімізге алайық.
Жүрмейікші жүнжіп, босқа түнеріп,
Еске алайық, есімдерін білелік.
Тәуелсіздік бізге оңай келген жоқ,
Алмайықшы екі қолдан жіберіп.
Жиырмадағы жалындаған жасында,
Қаншама жас азап шекті расында.
Желтоқсанның ызғары өтіп кеудеден,
Қарсы тұрды Колбин қосқан қосынға.
Соны ойласам елжірейді жүрегім...

Құттықтаймыз!

«Worldclass» фитнес клуб спорт кешенінің ұйымдастыруымен өткен жүзу сайысында 2 «А» сынып оқушысы **РЫСБЕК БЕКСҰЛТАН** әртүрлі жүзу түрлерінен 2,3 орындарға ие болды. **ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!**



*Мұған
Күннің мен!
Барлық
арманың
орындала берсін...*

Қайырбек Санжар, Ағайдар Улжан,
Орынбасаров Нуриддин, Накебаева Сабина,
Иген Нурислам, Женис Султан, Нұрпейсова Дария,
Айтыкен Мансұр, Керон Сұлтан,
Мамаев Ислам, Машау Бақдаулет.
ТУҒАН КҮН ИЕЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!!!

Отбасының өнегесі - Отан өнегесі.



Данкөова Толғанай

Абдумалик Шугыла

Турсын Медина

Есөнгелді Инаят

Алмасбек Сымбат


«Күзгі қиял» қолөнер бұйымдарының көрмесі

Азаматұлы Әдиль
3 А сынып

Турсун Медина 3А сынып

Абдумалик Шугыла
3А сыныпАманжолов Аят
3А сыныпАлмасбек Қаршыға
3 А сынып

BALÇYN BOIAÝ SHEBERLERI

НҰРЖАНҚЫЗЫ АЯНА
2Б-сыныпРАҚЫМ МАХАББАТ
1Ә-сынып

САГИТОВА РАУШАН 1Ә-СЫНЫП



Меншік иесі: №92 ГИМНАЗИЯ»КММ Бас директоры Қ.Т.Сейтимбетова	Бас директордың шығармашыл ық жөніндегі орынбасары Ш.Ө.Алиева	Бас редактор Ф.Д.Абдугалиева Тілшілер Ж.С.Тлеубергенова	Көркемдеуші- дизайнер Б.К.Абылкаиров Жауапты хатшы Әбенев Бекнияз	Корректорлар «Kitaptime» мүшелері; 8 «Ә» сынып	Мекен - жайымыз Ерубаева 43А e-mail: sch92@kargoo.kz Байланыс телефондары: 8(72-12)47-92-39
--	--	--	---	---	--